

**Алға аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 70 "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2013 жылғы 8 қарашадағы № 113 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 желтоқсанда № 3692 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 116 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 26.09.2017 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 1316 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" қаулысына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 70 "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3529 тіркелген, 2013 жылғы 19 наурыздағы № 14 аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасында 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1 тармақтың 1) тармақшасының бесінші азат жолы;

1 тармақтың 1) тармақшасының жетінші азат жол бөлігіндегі "жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге" сөздері;

1 тармақтың 2) тармақшасының бөлігіндегі "сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2, 5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге" сөздері;

2 тармақтың бөлігіндегі "жеке үйлерде тұратындарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құны" сөздері;

2 тармақтың екінші азат жол бөлігіндегі "тәулік уақыты бойынша электр қуатының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1-ден төмен емес электр қуатын бір фазалық есептеуіштің құнына" сөздері;

3 тармақтың бөлігіндегі "тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнына" сөздері;

9 тармақтың бөлігіндегі "тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнына шығындарына" сөздері ;

13 тармақтың бөлігіндегі "тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құны шығындарына" сөздері;

18 тармақтың екінші азат жол бөлігіндегі "тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құны" сөздері алынып тасталынсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы:*

*Қ. Нұрғалиев*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы:*

*А. Кайрушев*